

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

"Зейнетақы активтері: 2024 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы" тақырыбындағы зейнетақы активтерін басқару туралы есептік вебинарға қатысуға шақыру

"Nalyk Finance" АҚ "БЖЗК" АҚ қатысуымен 2024 жылғы 26 шілдеде **Zoom-да** сағат 11: 00-де өтетін "Зейнетақы активтері: 2024 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы" тақырыбында зейнетақы активтерін басқару туралы есептік вебинарға шақырады.

Вебинардың спикерлері Nalyk Finance өкілдері: басқарма төрағасы Фархад Охонов, басқарма төрағасының орынбасары Әділ Табылдиев, активтерді басқару департаментінің директоры Нұрлан Мұстафин, сондай-ақ, "БЖЗК" АҚ Алматы қаласындағы филиалының директоры Нұрлан Әміренов.

Тікелей эфирде Nalyk Finance өкілдері 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы клиенттердің зейнетақы активтерін басқару жөніндегі жұмыс нәтижелері, компанияның қайда инвестициялайтыны және оның басым мақсаттары туралы баяндайды.

Нұрлан Әміренов зейнетақы капиталын басқару мүмкіндіктері, салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейткен заңнамалық инновациялар, сондай-ақ, инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) инвестициялық қызметінің тізбесі мен нәтижелері, олардың зейнетақы жинақтарын аудару шарттары мен алгоритмдері туралы ақпаратты қайдан алуға болатындығы туралы әңгімелейді. БЖЗК ұсынатын электрондық сервистерге ерекше назар аударылатын болады.

Вебинарға қатысушылар болса өз сұрақтарын тікелей спикерлерге қоюға мүмкіндік алады.

АНЫҚТАМА:

Nalyk Finance зейнетақы активтерін басқару нарығына 2022 жылдың желтоқсанында кірді.

2023 жылғы кірістілік: жылдық 17,2%.

Басқару басталғаннан бергі кірістілік: жылдық 16,2%.

2024 жылғы 1 шілдедегі активтер көлемі: 32,9 млрд теңге.

Сізді вебинарда күтеміз. Сілтеме бойынша тіркелу:

https://us06web.zoom.us/webinar/register/WN_LGaV2s_MSImc2J2lwEJHeA

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы активтерін инвестициялаумен ҚР Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), ал 2021 жылдан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) айналысады. Зейнетақы жинақтарын осындай сенімгерлік басқарудың басты мақсаты - түрлі қаржы құралдарына инвестициялау және кіріс алу.

2021 жылғы қаңтардан бастап заңнамаға сәйкес Қазақстанның әрбір азаматы өзінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен жеке басқарушы инвестициялық компанияларға сенімгерлік басқаруға беру құқығына ие болды. Бұл құқықты зейнет жасына толмаған және МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен "ең төменгі жеткіліктілік шегінен" асатын зейнетақы жинақтары бар салымшылар, сондай-ақ, өздеріне өмір бойғы аннуитеттік төлемдерді қамтамасыз ететін сақтандыру компанияларымен зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасқан салымшылар пайдалана алды.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің күшіне енгеннен кейін салымшылар басқарушы компанияларға жарналардың міндетті түрлері есебінен қалыптастырылған өз жинақтарының 50% мөлшеріне дейін және ерікті зейнетақы жарналары бойынша жинақтарының 100% мөлшеріне дейін аударылады.

На текущий момент ЕНПФ заключены договоры о доверительном управлении пенсионными активами с пятью УИП. Ознакомиться с информацией о них и изучить их инвестиционные декларации можно на сайте

Қазіргі уақытта БЖЗК бес ИПБ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасты. Сіз бұлар туралы ақпаратпен танысып, олардың инвестициялық декларацияларын enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» бөліміндегі - «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінде біле аласыздар.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)